

С.СЕЙФУЛЛИННІҢ «КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ІШКІ МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ

С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасын алып қарасақ, тұла бойы тұнып тұрған аңыз, аңызға негізделген жалқы есімдер. Бұл жалқы есімдердің семантикасына үңілмес бұрын, ең алдымен оларды топтап аламыз. Поэмада кездесетін жалқы есімдер мыналар:

Көкшетау, Жеке батыр, Ұйықтаған батыр, Бурабай, Ақ бура, Абылай, Қасым төре, Қасым хан, Оқжетпес, Жұмбақтас, Қуандық, Адақ, Керкөжек.

Енді осы жоғарыда аталған жалқы есімдерді екі топқа бөліп қарастырамыз.

Антропонимдер	Топонимдер	Зоонимдер
Абылай	Көкшетау	Ақ бура
Қасым төре (Қасым хан)	Жеке батыр (Ұйықтаған батыр)	Керкөжек
Қуандық	Бурабай	
Адақ	Оқжетпес	
	Жұмбақтас	

Осы аталған жалқы есімдердің семантикасына жеке-жеке тоқталмастан бұрын топонимдер жайлы ғалымдардың пікіріне көз жүгіртейік.

Ұлан-ғайыр, кең-байтақ жеріміздегі жүздеген, мыңдаған жер-су аттары (топонимдер) ғасырлар жәдігері, мәдениетіміз бен тарихымыздың, тіліміз бен дініміздің құнды да бағалы қазына байлығы деп батыл айта аламыз.

Топонимдердің шығу, пайда болу тарихы ең алдымен, халық тілінің құнар байлығына, әрбір тарихи дәуірдегі қоғамдық өмірдің құрылысына, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, ел-жұрттың кәсіби тірлігіне, мемлекеттің өсіп-дамып кемелденуі мен елді мекендердің сан жағынан артып, көбейе түсуіне, әсіресе, халықтың ой-өріс, сана-сезімінің, мәдени өрісінің дамуымен тікелей байланысты болып отырады.

Жеріміздегі жүздеген, мыңдаған жер-су аттарының шығу, пайда болып дамуы – бір ғана дәуірге тән емес, талай ғасыр, талай дәуірдің куәсі, ежелгі, ерте, орта ғасырлардан біздің дәуірге жеткен бай қазына асыл мұрасы.

Әлемдік жер кеңістігіндегі жер-су атаулары жүйелі түрде «Топонимдік аймақ» атты қағидалық ұғым негізінде зерттелуі тиіс. Әрбір топоним аймақтық топонимия жүйесінің тілдік бірлігі болып келеді. Себебі белгілі бір аймаққа, өңірге тән тілдік, тарихи, этномәдени ерекшеліктер сол

аймақтағы жер-су атаулары бойынан, яғни, мағынасынан, диахроникалық және этнолингвистикалық сипаттарынан белгі беріп, көрініп тұрады.

Топонимдер бойында аймақтық ру-тайпалардың этникалық құрамы, аймаққа орналасу ерекшеліктері, түрлі географиялық объектілерді меңгерудегі аймақтық таным-түсінігі мен топонимиялық білімі айқын көрініс тапқан, әрі олардың өзіндік аймақтық ерекшеліктерге ие бола отырып, ұлттық топонимия жүйесімен үндес келуі аймақтық топонимияны ұлттық топожүйе жетістіктерімен бірлікте қарастыру қажеттілігін аңғартады. [1,84].

Қазақ топонимиясы географиялық жалқы есімдердің жай ғана жиынтығы емес, ол – ментальдық факторларды көрсететін ономастикалық деңгейдің лексикалық бірліктерінің жүйесі. Мысалы, көшпелі қазақ пен малшы табиғатқа және географиялық ортаға өзінің шаруашылық қажеттілігіне қарай қалыптасады. Сондықтан да топонимдерде тек табиғат пен географиялық объектілер ғана емес, осы табиғат пен оның объектілерінің қабылдануы бейнеленеді.

Зерттеуші М.Мырзахметов республикалардың бар түкпіріндегі орыстанған атаулардың қойылу мерзімі мен себептерін айқындап, Ресей патшалығы отарлау саясатының қазақ топонимдеріндегі көрінісін үш түрлі топқа бөліп қарастырады:

1.1731-1822 жылдар аралығында патша үкіметі қазақ хандықтарын сырттан билеген кезінде жер атауларын өзгертуді өте сақтықпен, қазақ даласының қас-қабағына қарай жүргізді.

2. 1822-1867 жылдар аралығында хандық жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі еншген соң, қазақ жерін «бөлшекте де билей бер» дейтін отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілік территорияларға жіліктеді. Бұл тұста да ру басыларын бір-біріне айдап салып, отаршылдық саясатын оңай жолмен жүзеге асыру кезеңінде жер атауларын өзгерту әрекеті жиілеп, молыға түсті.

3. Үшінші кезеңдегі отаршылдық күшейген тұста, яғни 1868 жылғы «Жаңа низам» ережесі мен 1917 жыл аралығында отарланған қазақ жері мемлекет меншігі ретінде ресми түрде жарияланған соң, отаршылдық мазмұндағы географиялық жер атаулары мүлдем күшейіп, барынша дамыды. Қазақтардың ұлан-асыр өлкесіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи атауларын отаршыл үкімет саналы түрде өзгертуді қолға алды [1,73].

Көне түркі тіліне тән топонимикалық қабат. Көне түркі тілі мен байырғы қазақ тіліне тән атауларды анықтаудың өзіндік қиыншылығы бар. Бұл мәселе, ең алдымен, көне түркі және байырғы қазақ тілдерінің тарихи фонетикасы мен тарихи грамматикасының әлі күнге дейін толық зерттелмеуіне байланысты. Осымен қатар топоним объектісінің аты болып отырған сөздердің қара басының ескі не кейінгі дәуірге тән екендігін дәлелдейтін тарихи лексикологиялық еңбектердің де жоқтығы қол

байлайды. Көне түркі тілдеріне тән қабаттарға мән-мағынасы тұрған қалпында белгісіз, тек көне түркі материалдарында кездесетін, болмаса солармен салыстыру нәтижесінде ғана мағынасы анықталатын атауларды жатқызамыз. Сондай атаулардың бірі – Арқалық, Көкшетау, Байқоңыр. [1,130].

Көкшетау – Қарқаралы ауданының оңтүстік-шығысында орналасқан тау. Ең биік жері – 1183м. Тау қойнаулары мен беткейлерінде қарағай, қайың тал, тере тұқымдас ағаштар мен түрлі өсімдіктер тығыз, қалың өскендіктен тау алыстан көк түске малынып көрінеді. Таудың сыртқы көрінісі атауға негіз болғандай (Көк – ше – тау). Алғашқы көк компоненті негізгі сын есімнен жасалса, тау сөзі түбір зат есімнен жасалған. Ал екі түбірдің ортасындағы – ше жұрнағы қазақ және көптеген түркі тілдеріндегі шырай формасын тудырушы жұрнақ. Яғни Көкшетау сөзі «беткейлері мен қойнаулары көк, жасыл ағаш түріне бай ағашты тау» дегенді білдіреді.

Көк сөзінің киелі мағынасы бақсы сарынындағы Көкаман, Көк Қабан сияқты жын аттарында, көк бөрі, көк жөтел сөздерінде, «Көк темір көре өлтірмес», «Көк кірсін, қызыл шықсын» тұрақты тіркестерінде кездеседі. Қазақ халық ауыз әдебиетінде көк сөзі қару-жарак атауларының құрамды бөлігі ретінде де қолданылады: көк сүңгі, көк семсер және т.б. [2,147]. Сонымен қатар бұл сөз көне түркі заманында «Құдай», «Тәңірі» мағынасында да қолданылған.

Моңғол тілінен енген топонимдік қабат. Моңғол тілінен енген немесе моңғол тілі ықпалы арқылы жасалған жер-су атаулары қазіргі топонимдік кеңістігінде сан жағынан басымырақ едәуір қабат құрайды. Олар өзіндік лексикалық, орфографиялық ерекшеліктеріне қарай өзге ұлттық атауларымыздан оқшауланып тұрады.

Түркі, моңғол халықтарының ұзақ уақытқа созылған тарихи қарым-қатынасы, мал шаруашылығына негізделген көшпелі өмір салтындағы ортақтық, территориялық аралас-құраластық т.б. бұл халықтардың тілдерінде де өз бейнесін, таңбасын қалдырғаны даусыз. Мұндай экстралингвистикалық факторлар моңғол тілдерінен түркі тілдеріне, керісінше, түркі тілдерінен моңғол тілдеріне тілдік элементтер (сөздер, грамматикалық көрсеткіштер, морфологиялық тұлғалар, сөз тіркестері т.б.) екеуін, өзара алмасуын, ауысуын қамтамасыз еткені сөзсіз. Мысалы: Баянауыл, Баятар, Шарық.

Моңғол қабаты, жалпы Қазақстан аумағындағы сияқты тарихи тұрғыдан негізгі екі кезеңде қалыптасты. Олар XIII ғасырдағы моңғолдар үстемдігі мен жоңғар қалмақтарының жорықтарына байланысты пайда болған топонимдер. Мысалы, Тарбағатай атауы моңғол тілінің тарвага(н) – мағынасы «бұланды». Моңғол және қазақ халқы арасындағы тарихи қарым-қатынастың нәтижесінде аймақ топонимиясы моңғол тілінен атаулардың

енуімен бірге Жоңғар қақпасы, Төртқалмақ, Қалмақтас сияқты атаулар да пайда болды. Бұл топонимиялық атаулар қазақ тілінің заңдылықтарына сай өзгерістерге ұшыраған. Әрбір аймақтың ономастикалық атаулары мыңдаған жылдар барысында пайда болып, қалыптасып, ғасырлар ғасырлар талайынан екшеліп, өзіндік жүйе түзеді. Атаулар жүйесі адамзат дамуының алғашқы сатысында біте қайнасып, өзара диалектикалық қатынаста дамып отырғаны белгілі.

Баянауыл – Павлодар облысының ірі аудан орталығы, осы аттас тау етегіне орналасқан. Баянауыл тауының шығыс бөлігі Жаксыаула, батыс бөлігі Жаманаула деп аталады. Орыс зерттеушілерінің, М.Красовскийдің еңбегінде бұл тау Баян-ола, Баянаула түрінде берілген [3,35]. Г.Қоңқашбаев бұл атаудың Монғолия жерінде жиі ұшырасатынын, оның монғол тіліне тән ороним екендігіне тоқталған. Профессор Ш.Сарыбаев зерттеуінде де осы пікір қайталанады. Атау екі компоненттен тұрады: баян – ауыл. Монғол тіліндегі баян сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы «бай», ал айыл сөзінің мағынасы «ауыл» дегенді білдіреді. Монғол тіліндегі ула – қазақ тілінде тау сөз тіркестерінде фонетикалық өзгерістерге ұшырап, ола/ова формасында да ұшырасады. Бұл гидротерминнің фонетикалық өзгерісі А.Әбдірахманов назарын аударған. Ол атаудың алдымен ороним түрінде қойылып, кейін ойконимге айналғанын қостайды: «Біздіңше, монғолдың Байнолла сөзінен өзгерген Баянаула атауы кейін көмескіленіп, Баянның ауылы мағынасындағы Баянауыл орониміне ауысқан. Жергілікті халықтар осы күнге дейін тау атын Баянаула дейді. Ал Баянауыл болып өзгеруі басқа облыс қазақтарының әсерінен. Өйткені басқа қазақтарға Баянаула түсініксіз болғандықтан, оны Баянауыл деп кеткен». Атау монғол шапқыншылығы немесе одан кейінгі кезеңде қойылған. Мағынасы бай, қойнауы құтты тау дегенді білдіреді.

Қоршаған ортаны қабылдау барысындағы танымдық топонимдер. Табиғат пен адамзат арасындағы байланыс ежелден-ақ адамның қоршаған ортаны танып-білуге деген құштарлығын арттырып келгені белгілі.

Табиғат құбылыстарын бақылау, ол туралы тұжырымдар жасау адамның табиғат туралы түсінігін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар ой-өрісінің дамуына да жол ашқан. Ол адам баласының табиғат құбылыстары мен жер бедері көріністерін, өсімдік дүниесі мен аң-құстарды сөзбен таңбалау, атау үрдістерінен айқын байқалып тұрады. Мысалы: Қароба, Бурабай, Оқжетпес, Жеке батыр, Жұмбақтас.

Бурабай сөзі екі компоненттен құралған. О баста Бурапай деп аталған. Пай сөзі - бейіт, өлке деген мағынаны білдіреді. Бурабай – жалаулы тауының Ащысу өзеніне ойыса біткен беткейде орналасқан. Зерттеушілердің пікірінше, Бурабай – жалықпас руынан шыққан, Өтеген батырдың ұрпағы. Балқаш, Алакөл маңайында қалмақтармен көп соғысқан, есімі ел есіндегі батырлардың бірі.

С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында Көкшетауды мекендеген

ақбас бура жайлы сөз болады. Жан адамға ұстатпайтын, көбік шашып күркіреп тұратын тағы жануар күнде бір көлден су ішіп, соны мекендейді. Ақ бура мекендеген көлдің аты содан бері Бурабай атанып кеткен екен.

Ақ бура деген сөз тіркесіндегі ақ сөзінің мағынасына тоқталайық. Ежелден-ақ қазақтар оң пейілдерін, ниеттерін, сезімдерін, адалдықтарын ақ сөзі арқылы білдірген: ақ көңіл, ақ пейіл, ақ тілеу. Қазақ фольклорында жарық, жарық дүние, таза мөлдір аспан мен су, жарық ай, адам жанының кіршіксіздігі – бәрі сүттің ақтығымен салыстырылады. Кіршіксіздік, пәктік, мөлдірлік, адалдық, ақкөңілдік – бәрі ақ түспен астарласады.

Қазақ халық әндерінде ақ түс әйел сұлулығын сипаттағанда қолданылады. З.А.Ахметов [4,242] былай деп жазады: «Ғашық болған жас қыздың портретін сипаттағанда салыстыру үшін аққу, ақ сұңқар, ақ қоян сөздері жиі қолданады. Сүйгенінің бет-әлпеті мен денесінің ақтығы, нәзіктігі халық әндерінде жарық аймен, таңғы нұр сәулесімен, ақ қармен салыстыру арқылы беріледі».

Осылайша, қазақ фольклорының поэтикалық жүйесіндегі эстетикалық мәні бар тәсілдердің бірі – түске қарай таңбалау екендігін байқауға болады, олар тікелей немесе жанама түрде, кейбір фольклорлық антропонимдер мен топонимдердің семантикасында қолданылады. Осы арада айта кеткен жөн, ақ түстік таңбасы бар фольклорлық топонимдер, антропонимдер, зоонимдер оң мағынаны, яғни жағымды батырлар мен кейіпкерлерді білдіреді: Ақжүніс, Ақмоншақ, Ақбаян, Ақ боз ат, Ақ табан.

Поэмада жайшылықта қара, қоңыр болып келетін бураның түсі ақ етіп берілген. Бұл – сирек кездесетін құбылыс. Ақ – тазалықтың, молшылықтың белгісі.

Бура – айыр түйенің келете түсетін еркегі; аталық түйе.

Поэмада бура Қасым ханның қолынан қаза тауып, тасқа айналады. Оны ақын былайша суреттейді:

Қасым хан туғаннан-ақ қанға құмар,

Дірілдеп өліп күткен жанға құмар.

Анадан қан уыстап туған мұңдар,

Қан ұрттап жүрсе ғана көңлі тынар.

Сол кезде шыға кепті ақбас бура,

Жап-жалбыр үстін басқан әппақ шуда. Қасым хан тұра қалып ақ бураны,

Шіреніп атып сапты нақтап тура.

Поэмада кездесетін топонимнің бірі – Оқжетпес. Поэмада ол былай суреттеледі:

Басына атсаң-дағы оғың жетпес,

Иіліп ешбір тауға тәжім етпес.

Сол шыңға жан шықпаған ұя салып,

Шаңқылдап қаршыға мен бүркіт кетпес...

Оқжетпестің шығу тарихына тоқталайық. Көкшетауды мекен еткен Абылай хан қалың қол жиып, қалмақтарға шабуыл жасайды. Қалмақ елін қанға бояған ол, еркектерін бауыздап, қыздарын олжалайды. Сол қыздардың ішіндегі ең сұлуына қалың әскер «мен алам» деп таласады. Көкшетауға жеткенше таласып, Бурабайдың сағасына келіп қонады. Әскері бір байламға келе алмаған соң, Абылай тұтқын қыздың өзіне таңдау еркін береді. Қалмақ сұлуы кімде-кім шың басындағы жаулықты атып түсірсе соның жары болатындығын айтып шарт қояды. Жас сұлудан дәмелі қалың әскер жаулықты атып түсіруге лап қояды. Бірақ ешқайсысы да атып түсіре алмайды. Содан шыңның аты Оқжетпес болып аталып кеткен екен. Бұл сөздің морфологиялық құрамына келетін болсақ оқ - зат есім, жет – бұйрық райлы етістік, пе - болымсыз етістіктің жұрнағы, с – ортақ етістің жұрнағы.

Біз жұмысымызда өз тайпасы-руының шетін қорғап, тауға айналған дара батыр жайлы аңызды келтірген болатынбыз. Дара батырдың дәстүрлі уәжі оның «Жеке батыр» деген атында көрініп тұр. Адамның аты қандай да болмасын бір адам айналған табиғи нысанның аты немесе оның сипаттама аты болады. Ел шетін жау шапқыншылығынан қорғаушы Жеке батыр, қазақ мифтерінің бірінде Жеке батыр деп аталған тауға айналады. Бұл мифологиялық сюжетті қазақ әдебиетінің классигі С.Сейфуллин былай өңдеген [5, 12]

«Болыпты баяғыда Жеке батыр...
Тау бағып жатады екен тігіп шатыр.
Бір күні қарауылда қалғып кетіп,
Сол батыр бүгінгіше ұйықтап жатыр.
Сол батыр осы күні бір үлкен тау
«Ұйықтаған батыр» дейді таудың атын.
Адамша көлбеп жатқан қыры үлкен тау.
Батырдың қырыққа таяу келген жасы.
Денесі биік жота, таудай басы.
Сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды,
Киюлі баста жатыр дулығасы».

«Жұмбақтастың» да шығу тарихы осы іспеттес. Шыңдағы орамалды атып түсіре алмаған қалың әскерге қалмақ сұлуы ақыр соңында тастың үстіне шығып жұмбақ жасырады. Дастанда: «Жартастың бір жағы шың, бір жағы су» деп келтіреді. Қыз жұмбақ жасырған жартас «Жұмбақтас» аталып кеткен. Сөздің құрамына келетін болсақ жұмбақ және тас деген түбір зат есімдерден құралған біріккен сөз.

Поэмадағы тарихи антропонимдердің бірі – Абылай хан. Қалмақ елін жаулап алушы ретінде көрінеді. Абылай – (өз аты Әбілмансұр) 1711-1781 жылдар аралығында өмір сүрген Орта жүздің ханы. Әкесі Уәли Түркістан қаласының сұлтаны болған. Абылай 15 жасында қазақтың жоңғарларға қарсы соғысына қатысып, асқан ерлік көрсетеді. Сонан соң Әбілмәмбетпен

бірлесіп, елді шығыстан торыған жауға қарсы күреске ұйымдастырады. 1771 жылы Әбілмәмбет дүниеден қайтқаннан кейін Абылай хан болады. Ол – ақылды, шебер ұйымдастырушы, батыл қолбасшы, іскер дипломат әрі амал-айласы мол адам болған. Ресей патшасы, Қытай империясы, Жоңғар, Бұхар, Хиуа хандары Абылай тұсында қазақ елімен қызу қарым-қатынас жасаған. ХҮІІ ғасырды Қазақстанды жаулап алуды көздеген Жоңғар хандығы мен Маньчжур-Қытай империясына қарсы күресте үш жүздің басын қосып, күшін біріктіруде Абылай хан зор рөл атқарды. Абылай қазақ мемлекетін жергілікті дербессұлтандар арқылы басқарды, шаруашылық пен сауданы дамытты, көршілес халықтармен мәдени байланысты кеңейтті [6,35]. Поэмада Абылай хан қалмақ елін жаулап алса да қалмақ қызына таңдау еркін берген мейірімді адам ретінде көрінеді.

Жырда Қасым төре, Қасым хан сынды жалқы есімдер кездеседі. Қасым – Абылайдың ұлы. Поэмада оны былай келтіреді:

Баласы Абылайдың Қасым төре,
Жасынан сотқарлығы басым төре..
Қасым хан туғаннан-ақ қанға құмар,
Дірілдеп өсіп күткен жанға құмар.
Анадан қан уыстап туған мұңдар,
Қан ұрттап жүрсе ғана көңлі тынар [5,25].

Бір күні бір топ жігітпен тау ішінде келе жатқан Қасым төренің алдынан ақбас бура шыға келеді. Сол бураны ойланбастан атып салады. Қансырап, көбік шашқан бура тасқа айналады. Қасым төре жырда қатігез, киелі аңды қадір тұтпайтын жауыз болып бейнеленеді.

Дастанда кездесетін антропонимдердің бірі – Адақ. Поэмада ол жайлы былай делінеді:

Күресте қалың қолды адақтаған,
Майданда бетіне жан қаратпаған.
Сондықтан «Адақ» деген есім алып,
Ер енді атына кір жанатпаған.
Жұмбақты шешемін деп қол созды Адақ,
Үстінде ықшам киім, белде садақ,
Қалың қол жалт қарасып, сеңше толқып,
Адаққа телмірісті көзін қадап [5, 54-55].

Адақ, адақтау – көнерген сөз. 1-мағынасы: аяқтау, ада ету, бітіру; 2) аралау, кезу; 3) оқшаулану, ерекшелену, 4) соғыстың аяқталуы; 5) күйеу баланың қалыңдығының туыстарына беретін соңғы сыйлығы. Дастандағы «адақ» сөзі 1-мағынамен үндес. Себебі қалың жұрттың шеше алмаған жұмбағын осы жігіт шешіп, қыз сынағын аяқтайды.

Дастанда Адақтың сырт пішін-келбеті төмендегідей суреттеледі:
Қара сұр, ұзын бойлы, емес талпақ,
Денесі көк құрыштай, өрдеп шалқақ,

Қыр мұрын, қарагер көз, қара мұртты,
Қақпақтай қобы жаурын, топшы жалпақ.
Солқылдақ көк құрыштай, біткен тіп-тік,
Жараған аш бөрідей белі жіптік [5,54].

Адақ – Қуандықтың баласы. Бірақ поэмада Қуандық сөз болмайды. Қуандық сөзінің морфологиялық құрамына келетін болсақ, қуан деген бұйрық райлы етістік пен –дық жұрнағы арқылы жасалған.

Поэмада кездесетін зооним – Керкөжек. Керкөжек – Керқұла сынды қалмақ қызының астына мінген аты. С.Сейфуллин оны былай бейнелейді:

Көжектей қамыс құлақ, сымпыс құйрық,
Бүгілген бадана көз, мінсіз сүйірік.
Алмайды қанатсызды қапталына,
Жүйткісе көз ілеспес сағым жүйрік.
Жетектеп, әлекейдей көжек керді,
Серке сан, бота тірсек өжет керді [5,67].

«Кер» сөзі - құла мен торының аралығындағы малдың түсі деген мағына береді. Тағы бір мағынасы – тәкаппар, қырсық, менменшіл. Бұл тұста алғашқы мағына дәл келетін секілді.

Көжек – қоянның баласы. Керкөжек сөзі кер және көжек деген екі түбір сөзден құралған біріккен сөз.

Фольклорлық шығармалардағы жылқы бейнесі антропоморфты (адам тәрізді), дербес көрсетіліп, осыған орай, адам сияқты оның да жеке аты болды.

Булардың қатарына зоонимдер мен ертегілердегі әйгілі тулпарлардың - Тайбурыл, Ақмоншак, Сандалкөк, Бака айғыр, Тарлан, Керқұла, Шалқұйрық және т.б. сияқты лақап аттар жатады.

Эпоста жылқы образының эстетикалық та мәні бар. Жылқы образы мен оның жүрісі - поэзиялық метафоралардың, теңеулердің және басқа да көркемдік тәсілдердің көзі. Ертегідегі жылқы жүрісінің өзі ерекше, бейнелі және әсерлі: дауыл, найзағай, куннің күркіреуі, құлап бара жатқан жұлдыз, ұшып бара жатқан жебе, от ұшқыны, таулардың үстінен ұшу, алып секірулер және т.б.

Жалқы есімдер өзінің даму барысында фидеистік қызметке ие болғанмен (генетикалық бастапқы мәтіндерде), киелі мәнге ие екендігін бастан атап кету керек, даму барысының кейінгі кезеңдерінде мифологизм өшіп, көркем-эстетикалық қызметке орын бергені аян. Бір кездегі киелі мифологиялық мәтіндер эпос, ертегілердің, хикая, мифтердің және т.б. көркем мәтіндеріне ауысып отырған. Соның дәлелі ретінде С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасын айтуға болады. Бұл поэманың өне бойында фольклор мен мифологияның генетикалық бірлігі сақталып, көптеген жалқы есімдер семантикасының көне мифологиялық компоненттеріне сақталуына мүмкіншілік бергенін айта кеткен жөн.

Әдебиеттер:

1. Теория и методика ономастических исследований. М.: Наука, 1986. — 255с.
2. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы, 1993. — 191б.
3. Өміралиев Қ. “Қазықұрт” және оған қатысы бар топонимдер жайлы (этнолингвистикалық очерк) // Қазақстан мұғалімі. 1967, № 4.
4. Ахметов З.А. Казахское стихосложение. Алма-ата, 1964. — 460с.
5. Сейфуллин С. Шығармалар. Алма-ата, 1960, 6-том № 6.
6. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Алматы, 1972.

Резюме

В статье рассматриваются семантические группы топонимов.

Resume

In general it is obvious that the proper names are losing their extraordinary meaning in the process of the development of literature and has become the part of the belles-lettres style. Consequently the works of folklore literature as myths, legends, fairy tales are turning into the fiction. S. Seyfullin's work “Kokshetau” is an example of it.

И. ЙЫЛДЫРЫМ

СДУ докторанты

Алматы Қ.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЖҮЙЕЛЕНУІ ТУРАЛЫ

Тіл-тілдегі фразеологиялық бірліктер - лексиканың ең құнарлы. Фразеологизмдер ұлт тілінің дамуы мен ұлт мәдениетінің танымдық ерекшеліктерін көрсете алатын тілдік бірліктер болып табылады. Фразеологизмдердің, екінші сөзбен айтқанда, тұрақты тіркестердің – екі немесе бірнеше сөздердің тіркесіп келуі арқылы тұтас бір мағына білдіретіндігі белгілі. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер тұрақты тіркес, фразеологиялық орам, фразеологиялық тұлға, фразема сияқты атаулармен аталып жүр.

А.М.Бабкин: "Фразеологиялық бірлік, ең алдымен, семантикалық құбылыс болып есептеледі, ал фразеология негізінен семантика-стистикалық зерттеулер саласы болып табылады", - деп атап көрсетеді [1, 5 б.]. Фразеологизмдердің мағыналық жағынан жүйеленуі фразеологиядағы негізгі теориялық проблемалардың қатарына жатады. Фразеологизмдер құрамына қандай тіркестер енетінін анықтау үшін зерттеушілер оларды танып білудің үш негізгі шартын басты белгі етіп алады. Олар: